

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы КМҚК «Шуақты –Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ «Қошақан» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 09-13 қаңтар 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңыздар» Мақсаты: Балаларды жүгіруге, белгі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету.	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. «Орнымыздан тұрамыз» Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Дидактикалық ойын: «Жасырылған суреттерді тап» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Балаларға тапқакты қайталату арқылы қимылдар жасау. «Бала, бала, балапан» Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз»	«Сағат» Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу. Сөйлеуді дамыту Сурет салу	«Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) Көркем әдебиет	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақа мен тырна» Мақсаты: Қозмалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу.	«Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созындар. Саусақтармен ойнандар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын. Дене шынықтыру

	Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру.			Дене шынықтыру Көркем әдебиет	
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 19 «Күн шығады» Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-3- қолды алға, жоғары көтеру;Б.қ. «Күнге жылынамыз»Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу;3-4- б.қ. «Ағаштар қозғалады»Б.қ. қол төменде; Қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу;3-4-б.қ. «Шөп шабамыз»Б.қ.- қолды алға созып ұстау; 1- оңға бұрылу; 2- солға бұрылу;3-б.қ. «Суға шомыламыз» Б.қ. – 1-4- алға еңкейіп, жүзуді имитациялау; 5-6- б.қ.«Сүнгиміз»Орнында секіру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.
	Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Көркем сөз «Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау,	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу,	Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Ертегі сахналау	Сурет салу «Қар кесегі»	Қоршаған ортамен таныстыру Дидактикалық ойын:

	ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу.	бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Сурет салу «Құмыра» Мақсаты: Құмыра туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.	«Құмырса» Мақсаты: Баланың қиялын дамыту, өз ойларынан ертегі құрастыру	Мақсаты: Қарлар туралы түсінік беру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	«Көлеңкесін тап» Мақсаты: жануарлардың көлеңкесін табу
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 15 Қозғалыс ойындары «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.	№ 16 Қозғалыстағы ойын «Аяз-Қызыл мұрын» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде-қатырып тастаған жерде тоқтайды). Ойында достықты және өзара көмекті көрсету.	№ 17 Дидактикалық ойын: «Қыста не киеміз?» Мақсаты: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылды ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қоршаған ортамен таныстыру Дене шынықтыру	№ 18 « Қар қиыршықтарын қарастыр» Тәжірибе: Балалар қар қиыршықтарын қарастыруда. Қармен тәжірибе. Стаканға қар салып топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. Қоршаған ортамен таныстыру	№ 19 Қозғалыстағы ойын «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу. Сенсорика Сөйлеуді дамыту

	Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.	Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Қай қолымда көп»	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек таңдау»	«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа	Сенсорика Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық

		Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	ұғымдарын бекіту.	жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Шаһ-Керім, Сабина	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Алижан	«Сикырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Мейір, Дарын	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Жансерік, Көзайым	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Көркем, Ералы
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	№ 15 Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен.	№ 16 Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп,	№ 17 Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ.	№ 18 Дербес ойындар: 1. Өткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру.	№ 19 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру.

	жұмыс істеуге үйрету.	Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Такпак үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау. «Сакина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	Қимылды ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүтіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.
Серуеннен оралу Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.					
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	«Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру.	Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Жапсыру «Вагондарға дөңгелек тандау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиеші: С.К.Сарсенбаева

Әдіскер: Н.А.Копесова

Handwritten signature